

**Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы елдердің Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекетаралық кеңесінің мерейтойлық XXVIII отырысына дайындық және оны өткізу туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2008 жылғы 21 тамыздағы N 217-ө  
Өкімі

2008 жылғы 1-2 қазанда Астана қаласында және 2008 жылғы 3 қазанда Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының "Оқжетпес" санаторийінде (Ақмола облысы, Бурабай кенті) Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы елдердің Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекетаралық кеңесінің мерейтойлық XXVIII отырысына (бұдан әрі - отырыс) дайындық және оны өткізу мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау агенттігі (Монополияға қарсы агенттік) Қазақстан Республикасының мүдделі орталық және жергілікті атқарушы органдарымен бірлесіп, отырысқа дайындық және оны өткізу жөніндегі қажетті ұйымдастырушылық іс-шараларды орындауды қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі 2008 жылғы 1-3 қазанда отырыс өткізуге және оған дайындыққа арналған шығыстарды 2008 жылға арналған республикалық бюджетте 006 "Өкілдік шығындар" бюджеттік бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі делегация мүшелерінің әуежайдағы, тұратын және болатын жерлердегі қауіпсіздігін, сондай-ақ баратын бағыттары бойынша бірге жүруді қамтамасыз етсін.

4. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасы бәсекелестікті қорғау агенттігіне (Монополияға қарсы агенттік) жүктелсін.

*Премьер-Министр*

*К. Мәсімов*